## МЕДИЦИНАДА ОҢАЙ МАМАНДЫҚ ЖОҚ




## ҮЗДІКТЕР КӨШІН БАСТАУ – КӨПКЕ ҮЛГІ




## ТУРИЗМІ ТҮРЛЕНГЕН ТӨЛЕ БИ




«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯСЫ
БІЗГЕ 30 жыл
1994-2024


# ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№58 (3687)
2 тамыз 2024

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет


● БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ АРТТЫРУ БАСТЫ НАЗАРДА



**Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу – қоғамдағы қылмысты болдырмаудың аса маңызды шарты. Осы тұста халықтың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін арттыру өзекті.**

Бүгінгі таңда Түркістан облысының барлық аймақтарында осы бағытта түрлі шаралар жүргізіліп келеді. Соның бір мысалы, «Түнгі қаладағы балалар» атты профилактикалық іс-шара. Өңірде бұл акция жиі ұйымдастырылып тұрады.

Тәулік бойы тыным таппай, кәмелетке толмағандардың ісімен айналысатын қызметтің бірі – ювенальды полиция. Инспекторлар үнемі ата-аналар және оқушылармен жүйелі түрде кездесулер өткізіп, еліміздегі заң нормаларын түсіндіреді. Әрі түнгі мезгілде жүретін жеткіншектерді бақылауға алып, олармен жұмыс жүргізеді.

Полиция инспекторларымен бірге, біз де рейдке шығып, түнгі қалада заңсыз жүретін балаларды тексеріп қайттық. Полиция іс-шараның алғашқы тәулігінде 276 әкімшілік құқық бұзушылықты тіркеді. Оның ішінде жасөспірімдердің заңды өкілдерінсіз түнгі уақытта үйден тыс жерде болуының 235 фактісі анықталды.

Бұдан басқа, 25 ата-анаға қатысты балаларды тәрбиелеу жөніндегі талаптарды тиісінше орындамағаны үшін әкімшілік хаттама толтырылды. Сондай-ақ «Ұсақ бұзақылықтың» 9 фактісі жойылды. Қоғамдық орында мас күйінде жүрген жасөспірімдердің 5 фактісі анықталды. Құқық бұзушылық жасауға бейім 14 жасөспірім мен қолайсыз 11 отбасы профилактикалық есепке алынды.

Жалпы, тұрғылықты жері бойынша профилактикалық есепте тұрған 100-ден астам кәмелетке толмағандар мен 120 қолайсыз отбасы тексеріліп оларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

*(Соңы 3-бетте)*

● СҰХБАТ

*Руслан ШӘРІПОВ,*
*ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департамент басшысы, Әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы:*

# «МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ ЗАҢНАМАНЫҢ БҰЗЫЛМАУЫ МАҢЫЗДЫ»

***– Руслан Шәмелұлы, өзіңіз жетекшілік ететін Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментіндегі мемлекеттік қызметшілердің саны мен олардың орташа жасы қанша?***

– Мемлекеттік қызметшіге үлкен жауапкершілік жүктеледі. Біздегі мемлекеттік қызметшілердің штат саны – 4453. Оның 2552-сі жергілік атқару органдарында, 1901-і орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінде. Жергілікті атқару органдарындағы штат саны – 2552. Олардың 18-і саяси, 2534-і «Б» корпусында. Бос лауазымдар үлесі – 4,9% немесе 124. Орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінде штат саны – 1901 бірлік. Мұндағы бос лауазымдар үлесі – 5,3% (100).

Мемлекеттік қызметшілердің орташа жасы – 40,4 жас. Олардың 39-ы ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының, біреуі «Болашақ» бағдарламасының түлегі. Мамандардың орташа мемлекеттік қызмет өтілі – 12,7 жыл, ал нақты лауазымдағы орташа қызмет өтілі – 5,1 жыл.

Алғашқы жарты жылдықтағы мемлекеттік органдарда үміткерлердің қатысуы өте белсенді. Ішкі конкурстар негізінде жоғары тұрған лауазымдарға тағайындау үлесі 70 қызметші немесе 69,3% болды. Есепті кезеңде жалпы 161 қызметшіге сынақ мерзімі тағайындалған. Қазір олардың 95-і сынақтан өту үстінде. Сынақтан өтпей қызметінен босатылған қызметшілер жоқ. Сынақ мерзімі аяқталмай жұмыстан шыққан қызметшілер саны – 1. Сонымен қатар, 160 қызметшіге сынақ мерзімін өткеру кезеңіне тәлімгер бекітілген.

Есепті кезеңнің ішінде жалпы 1194 мемлекеттік қызметшіні оқыту жоспарланған. Қайта даярлау курстарынан – 140, біліктілігін арттыру семинарларынан – 609 қызметші өтті. Сондай-ақ 156 қызметшіні тағылымдамадан өткізу жоспарланып, олардың барлығы 70,5% тағылымдамадан өтті.

***– Тестілеуден өту нәтижелері қандай болды?***

– Есепті кезеңде тестілеуден өтуге барлығы 2117 азамат өтініш берген екен. Өтініш білдірген азаматтардың ішінен 551 адам немесе 26% тестілеудің шекті мәнінен өтті. Олардың ішінде 1525 азамат әкімшілік мемлекеттік қызметке тест тапсырып, 384-і немесе 25,2% жақсы нәтиже көрсетті.

*(Соңы 4-бетте)*

● САРАП

# ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАР ӘРЕКЕТІНЕ ДАУ АЙТУ ТУРАЛЫ ІСТЕРДІ ҚАРАУ ЕРЕКШЕЛІГІ

**Соттың міндеті – жеке және заңды тұлғалардың жария құқықтарын, бостандығы мен мүддесін қорғау, жария-құқықтық қатынастарда жеке және қоғамдық мүдделер теңгеріміне қол жеткізу, мемлекеттік басқарудың тиімді және ашық болуын қамтамасыз ету, сондай-ақ жария-құқықтық саладағы заң үстемдігін қамтамасыз ету болып табылады. Бұған дейін жария-құқықтық даулар Азаматтық-процестік кодекстің талаптары бойынша қаралып келді.**

Президент жолдауында: «Азаматтарымыз жария-құқықтық дауларда билік органдарының шешімі мен әрекетіне қатысты шағым түсіру кезінде көп жағдайда теңсіздік ахуалында қалып жатады. Олардың мүмкіндігін мемлекеттік аппараттың ресурстарымен салыстыруға келмейді. Сондықтан осындай теңсіздіктерді болдырмау мақсатында дауларды шешудің ерекше тетігі ретінде әкімшілік әділет құрылымын енгізу қажет» деген болатын.

### ТАРАПТАРДЫҢ ТАТУЛАСҚАНЫ ТИІМДІ

Әкімшілік әділет институтын қолданысқа енгізу арқылы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің маңызын түсіндіріп, әкімшілік соттардың жұмысын арттыруда ауқымды іс-шаралар жүзеге асырылды. Әкімшілік соттарда сот орындаушылардың әрекеті мен әрекетсіздігіне қатысты даулардың басым көпшілігі – жеке сот орындаушылардың әрекетіне көңілі толмау, алимент бойынша берешекті дұрыс анықтамау, борышкердің жылжымалы, жылжымайтын мүлкіне, банктегі ақшасы мен бағалы қағазына негізсіз тыйым салу, борышкерден қарызды өндіруге қатысты уақытылы шара қолданбау және тағы басқа шағымдарды құрайды.

Статистикалық мәліметке сай, 2024 жылдың 1 жартыжылдығында сот орындаушылар әрекетіне дау айту туралы 159 әкімшілік іс түсіп, оның 84-і талап қоюшылардың өз арызына сәйкес және тағы да басқа негіз бойынша кері қайтарылса, 42 іске шешім қабылдаған. Шешім қабылдау арқылы аяқталған істердің 5-уі бойынша талап толық қанағаттандырылса, 26-сы ішінара қанағаттандырылып, 11 талап қою арызы қанағаттандырудан бас тартылған. Сонымен қатар, 12 әкімшілік іс бойынша тараптар медиациялық келісімге, 2 іс бойынша бітімгершілік келісімге қол жеткізіп, татуласқан.

Ал, 2023 жылдың 6 айында барлығы 154 іс түсіп, оның ішінде 70-і кері қайтарылып, 38 іс шешім қабылданған. Шешім қабылдаумен аяқталған істердің 31-і бойынша талап арыз толық, 5 іс бойынша ішінара қанағаттандырылса, 2 істе талап арызды қанағаттандырудан бас тартылған. 1 іс соттылығы бойынша басқа сотқа жолданса, 15 істе тараптар медиация тәртібімен келісімге келіп, 2 іс бойынша бітімгершілік шартын жасасты. Бұл соттардың тараптарды татуластыруда, дауды бітімгершілікпен бітіруде оң тәжірибе қалыптастырғанын көрсетеді.

*(Соңы 6-бетте)*

«Семей медицина университеті» КеАҚ Директорлар кеңесі 27.06.2022 жылы бекіткен профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарына конкурстық орналасу ережесі негізіндегі шешімімен.

**«Семей медицина университеті» КеАҚ 2024–2025 оқу жылына профессор - оқытушылар құрамының бос лауазымдарына орналасуға және қайта сайлануға конкурс жариялайды.**

**1. Жалпы білім беру пәндер кафедрасы**
Доцент - 1 бірлік
Оқытушы - 1 бірлік

**2. М.ғ.д., профессор М.Н. Мусина атындағы фармакология кафедрасы**
Кафедра меңгерушісі-1 бірлік

**3.Эпидемиология және биостатистика кафедрасы**
Оқытушы – 1 бірлік

**4. Профессор М. М. Уразалин атындағы микробиология кафедрасы**
Кафедра меңгерушісі-1 бірлік
Аға оқытушы-1 бірлік

**5. ҚР ҰҒА ның академигі Т.Қ. Раисов атындағы молекулалық биология және медициналық генетика кафедрасы.**
Кафедра меңгерушісі-1 бірлік

**6. Профессор Н.А. Хлопов атындағы анатомия, гистология және топографиялық анатомия кафедрасы**
Аға оқытушы-1 бірлік
Оқытушы-1 бірлік

**7. Мейіргер ісі кафедрасы**
Кафедра меңгерушісі-1 бірлік
Доцент м.а.- 1 бірлік
Ассистент-3 бірлік

**8. Ішкі аурулар және ревматология кафедрасы**
Ассистент-1 бірлік

**9. Терапия кафедрасы**
Ассистент-1 бірлік

**10.Радиология кафедрасы**
Кафедра меңгерушісі-1 бірлік

**11.Хирургиялық пәндер кафедрасы**
Кафедра меңгерушісі-1 бірлік

**12. Б.С. Буланов атындағы жүрек-тамыр және торакальды хирургия кафедрасы**
Кафедра меңгерушісі-1 бірлік

**13. Профессор ҚР НАЕН корреспондент – мүшесі А.З. Дюсупов атындағы шұғыл медицина кафедрасы**
Кафедра меңгерушісі-1 бірлік

**14. Д. М. Түсіпова атындағы педиатрия және медициналық реабилитология кафедрасы**
Кафедра меңгерушісі-1 бірлік
Ассистент-2 бірлік

**15. Неврология, офтальмология және оториноларингология кафедрасы**
Кафедра меңгерушісі-1 бірлік
Ассистент-1 бірлік

**16. Профессор Ю.В. Пругло атындағы патологиялық анатомия және соттық медицина кафедрасы**
Кафедра меңгерушісі-1 бірлік

**17. Ішкі аурулар пропедевтикасы кафедрасы**
Кафедра меңгерушісі-1 бірлік
Ассистент-2 бірлік

**18. Травматология және балалар хирургиясы кафедрасы**
Ассистент - 1 бірлік

**19. Госпиталды хирургия, анестезиология және реаниматология кафедрасы**
Ассистент - 1 бірлік

**20. М. ғ. д., профессор С. О. Тапбергенов атындағы биохимия және химиялық пәндер кафедрасы**
Кафедра меңгерушісі-1 бірлік
Оқытушы-1 бірлік

**21. Қоғамдық денсаулық кафедрасы**
Кафедра меңгерушісі-1 бірлік

**22. Дене шынықтыру кафедрасы**
Кафедра меңгерушісі-1 бірлік
Аға оқытушы-1 бірлік
Оқытушы-3 бірлік

**23. Профессор Д.Р.Мусинов атындағы клиникалық онкология және ядролық медицина кафедрасы**
Кафедра меңгерушісі-1 бірлік

**24. А.А. Козбагаров атындағы акушерия және гинекология кафедрасы**
Ассистент -1 бірлік

**25. Жақ-бет хирургиясы және стоматологиялық пәндер кафедрасы**
Доцент - 1 бірлік
Ассистент - 2 бірлік

**26. Симуляциялық және білім беру технологиялары кафедрасы**
Оқытушы-2 бірлік

**27. Балалар аурулары пропедевтикасы кафедрасы**
Кафедра меңгерушісі-1 бірлік
Ассистент-1 бірлік

Конкурсқа қатысушылар келесі біліктілік талаптарына сай болуы тиіс:

**1. Кафедра меңгерушісі лауазымына**

Жоғары медициналық/педагогикалық білімінің, ғылыми дәрежесінің немесе ғылыми атағының немесе халықаралық дәрежедегі спорт шебері атағының және ғылыми-педагогикалық немесе басшылық лауазымдарда кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің болуы.

**2. Доцент лауазымына (қауымдастырылған профессор):**

Жоғары медициналық / педагогикалық білімі, ғылым кандидаты немесе ғылым докторы немесе PhD ғылыми дәрежесі, доцент (қауымдастырылған профессор) ғылыми атағы, ғылыми-педагогикалық қызмет өтілі кемінде 5 жыл.

**3. Аға оқытушы лауазымына:**

Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі бар немесе ғылым кандидаты немесе PhD философия докторы ғылыми дәрежесі, магистр академиялық дәрежесі бар, ғылыми-педагогикалық қызметте кемінде 5 жыл жұмыс өтілі немесе мамандығы бойынша кемінде 2 жыл практикалық жұмыс өтілі бар адам.

**4.Оқытушы лауазымына:**

Мамандығы бойынша кемінде 3 жыл өтілі және/немесе магистр академиялық дәрежесі болған жағдайда жоғары медициналық/ педагогикалық білім. «Шет тілі» (ағылшын) пәнінің оқытушылары үшін IELTS – 6.0 және одан жоғары немесе TOEFL – 525 және одан жоғары екенін растайтын сертификат.

**5.Ассистент лауазымына:**

Мамандығы бойынша кемінде 3 жыл өтілі және/немесе магистр және/немесе резидент ғылыми немесе академиялық дәрежесі болған жағдайда жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

**Конкурсқа қатысу үшін келесі құжаттарды тапсыру қажет:**

1. ЖОО басшысының атына өтініш (еркін нысанда). Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

2. кадрларды тіркеу жөніндегі жеке іс-қағазы;

3. өмірбаяны;

4. жоғары білім, академиялық және ғылыми дәреже туралы дипломдардың көшірмелері, ғылыми атағы туралы құжат және салыстыру үшін түпнұсқалары;

5. қайта даярлау және біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың көшірмелері (бар болса) және салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары;

6. ғылыми жұмыстар мен өнертабыстардың тізімі (бар болса);

7. ҚР Денсаулық сақтау министрінің м. а. № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына сәйкес 075/у медициналық анықтамасы;

8. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті беретін адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама (ҚР ЕК-нің 32-бабының 3-тармағы) E – gov порталы арқылы («Азаматтарға арналған үкімет» МК);

9. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 272 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11304 болып тіркелген) бекітілген «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі-стандарт) 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысушының есепте тұрмайтындығы туралы наркологиялық ұйымның анықтамасы - №272 бұйрық);

10. № 272 бұйрықпен бекітілген «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысушының есепте тұрмайтындығы туралы Психоневрологиялық ұйымнан анықтама.

11. профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымдарына орналасуға арналған білім беру бағдарламасы бойынша жобаны немесе ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына орналасуға арналған ғылыми-зерттеу жұмысының жобасын таныстыру (электрондық түрде, көлемі 10 слайдтан аспайды);

Осы тармақта көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын ұсыну өтінішті қабылдаудан еркін нысанда бас тарту үшін негіз болып табылады.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (ғылыми жарияланымдардың тізімі, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар), сондай-ақ жұмыс тәжірибесі мен біліктілігін растайтын құжаттарды ұсынуға құқылы.

Конкурсқа қатысу туралы өтініштерді және өтінішке қоса берілетін құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланған сәттен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады.

Мекенжайы: Семей қаласы, Абай Құнанбаев көшесі 103,

Байланыс телефондары: 87222-562888 ( іш.1039 немесе 1040), https://aisu.kz/nadezhda/#/

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазалы ауданы аумағындағы ауыл шаруашылығы жерлерінен шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты өткізу жөніндегі қосымша хабарламаны тиісті облыс шегіндегі аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарында және орталық уәкілетті органдарының интернет-ресурсында жарияланған.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Жанқожа Нұрмұхамедұлы көшесі №130 мекенжайында орналасқан «Қазалы ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2024 жылы 2 қыркүйек сағат 9:00-ден бастап 2024 жылы 20 қыркүйек сағат 19:00-ге дейін қабылданады.

Конкурс өткізілетін орны Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Жанқожа Нұрмұхамедұлы көшесі №130 мекенжайындағы Қазалы ауданы әкімдігінің мәжіліс залында 2024 жылдың 25 қыркүйек күні сағат 10:00-ден бастап өткізілетіндігін хабарлаймыз.

1) Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және рәсімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Байланыс телефоны: 8(72438) 79-2-80, ішкі нөмір: 6971.

## Мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі

| № | Жер учаскесінің орналасқан орыны | Жер учаскесінің көлемі, гектар | Жер учаскесінің нысаналы мақсаты | Жер пайдалану құқығы | Топырақтың сипаттамасы | Алқаптардың құрамы | Судың болуы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1 | Қазалы ауданы, Құмжиек ауылдық округі, «Жолдыбектің құдығы» учаскесі | 500 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | Сұр қоңыр | Жайылымы 450,0 га<br>Басқа алқаптары 50,0 га | Жоқ |
| 2 | Қазалы ауданы, Құмжиек ауылдық округі, «Жақсылықтың құдығы» учаскесі | 500 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | Сұр қоңыр | Жайылымы 450,0 га<br>Басқа алқаптары 50,0 га | Жоқ |
| 3 | Қазалы ауданы, Құмжиек ауылдық округі «Досақ» учаскесі | 500 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | Сұр қоңыр | Жайылымы 450,0 га<br>Басқа алқаптары 50,0 га | Жоқ |
| 4 | Қазалы ауданы, Құмжиек ауылдық округі, «Есенбектің құдығы» учаскесі | 500 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | Сұр қоңыр | Жайылымы 450,0 га<br>Басқа алқаптары 50,0 га | Жоқ |
| 5 | Қазалы ауданы, Құмжиек ауылдық округі, «Тақтайлы» учаскесі | 200 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | Сұр қоңыр | Жайылымы 180,0 га<br>Басқа алқаптары 20,0 га | Жоқ |
| 6 | Қазалы ауданы, Құмжиек ауылдық округі, «Азнабай» учаскесі | 500 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | Сұр қоңыр | Жайылымы 450,0 га<br>Басқа алқаптары 50,0 га | Жоқ |
| 7 | Қазалы ауданы, Құмжиек ауылдық округі, «Қияқтыбас» учаскесі | 750 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | Сұр қоңыр | Жайылымы 675,0 га<br>Басқа алқаптары 75,0 га | Жоқ |
| 8 | Қазалы ауданы, Құмжиек ауылдық округі, «Жолдыбектің жайлауы» учаскесі | 300 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | Сұр қоңыр | Жайылымы 270,0 га<br>Басқа алқаптары 30,0 га | Жоқ |
| 9 | Қазалы ауданы, Құмжиек ауылдық округі, «Мәдениет» учаскесі | 150 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | Сұр қоңыр | Жайылымы 135,0 га<br>Басқа алқаптары 15,0 га | Жоқ |
| 10 | Қазалы ауданы, Мұратбаев ауылдық округі, «Уәйс шлюзі» учаскесі | 50 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | Сұр қоңыр | Жайылымы 45,0 га<br>Басқа алқаптары 5,0 га | Бар |
| 11 | Қазалы ауданы, Аранды ауылдық округі, «Танхай» учаскесі | 300 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | Сұр қоңыр | Жайылымы 270,0 га<br>Басқа алқаптары 30,0 га | Бар |
| 12 | Қазалы ауданы, Майлыбас ауылдық округі, «Шұқыр ой» учаскесі | 100 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | Сұр қоңыр | Жайылымы 90,0 га<br>Басқа алқаптары 10,0 га | Жоқ |
| 13 | Қазалы ауданы, Майлыбас ауылдық округі, «Шұқыр ой» учаскесі | 100 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | Сұр қоңыр | Жайылымы 90,0 га<br>Басқа алқаптары 10,0 га | Жоқ |
| 14 | Қазалы ауданы, Құмжиек ауылдық округі, «Азнабай» учаскесі | 700 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | Сұр қоңыр | Жайылымы 630,0 га<br>Басқа алқаптары 70,0 га | Жоқ |
| 15 | Қазалы ауданы, Сарыкөл ауылдық округі, «Ақтау» учаскесі | 250 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | Сұр қоңыр | Жайылымы 225,0 га<br>Басқа алқаптары 25,0 га | Бар |
| 16 | Қазалы ауданы, Шәкен ауылдық округі, «Қошқарқұдық» учаскесі | 1000 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | Сұр қоңыр | Жайылымы 450,0 га<br>Басқа алқаптары 50,0 га | Жоқ |
| 17 | Қазалы ауданы, Шәкен ауылдық округі, «Егізбай» учаскесі мен «Жолдыбектің жайлауы» учаскесі аралығы | 300 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | Сұр қоңыр | Жайылымы 270,0 га<br>Басқа алқаптары 30,0 га | Жоқ |
| 18 | Қазалы ауданы, Бозкөл ауылдық округі, «Байқадам» учаскесі | 350 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | Сұр қоңыр | Жайылымы 315,0 га<br>Басқа алқаптары 35,0 га | Бар |
| 19 | Қазалы ауданы, Құмжиек ауылдық округі, «Қарағыр» учаскесі | 300 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | Сұр қоңыр | Жайылымы 270,0 га<br>Басқа алқаптары 30,0 га | Жоқ |
| 20 | Қазалы ауданы, Майлыбас ауылдық округі, «Үш қара» учаскесі | 100 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | Сұр қоңыр | Жайылымы 90,0 га<br>Басқа алқаптары 10,0 га | Жоқ |
| 21 | Қазалы ауданы, Құмжиек ауылдық округі, «Құмжиек» учаскесі | 200 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | Сұр қоңыр | Жайылымы 180,0 га<br>Басқа алқаптары 20,0 га | Жоқ |
| 22 | Қазалы ауданы, Шәкен ауылдық округі, «Әлдебай» учаскесі | 500 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | Сұр қоңыр | Жайылымы 450,0 га<br>Басқа алқаптары 50,0 га | Жоқ |
| 23 | Қазалы ауданы, Құмжиек ауылдық округі, «Боқшы» учаскесі | 200 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | Сұр қоңыр | Жайылымы 180,0 га<br>Басқа алқаптары 20,0 га | Жоқ |
| 24 | Қазалы ауданы, Тасарық ауылдық округі, «Жылқы шабар» учаскесі | 50 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | Сұр қоңыр | Жайылымы 45,0 га<br>Басқа алқаптары 5,0 га | Бар |
| 25 | Қазалы ауданы, Майлыбас ауылдық округі, «Жол жарған» учаскесі | 200 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | Сұр қоңыр | Жайылымы 180,0 га<br>Басқа алқаптары 20,0 га | Жоқ |
| 26 | Қазалы ауданы, Құмжиек ауылдық округі, «Боқшы» учаскесі | 200 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | Сұр қоңыр | Жайылымы 180,0 га<br>Басқа алқаптары 20,0 га | Жоқ |
| 27 | Қазалы ауданы, Құмжиек ауылдық округі, «Кемал» учаскесі | 500 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | Сұр қоңыр | Жайылымы 450,0 га<br>Басқа алқаптары 50,0 га | Жоқ |
| 28 | Қазалы ауданы, Құмжиек ауылдық округі, «Қошқарбек» учаскесі | 200 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | Сұр қоңыр | Жайылымы 180,0 га<br>Басқа алқаптары 20,0 га | Жоқ |
| 29 | Қазалы ауданы, Тасарық ауылдық округі, «Шахарсоркөл» учаскесі | 300 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | Сұр қоңыр | Жайылымы 270,0 га<br>Басқа алқаптары 30,0 га | Бар |
| 30 | Қазалы ауданы, Майлыбас ауылдық округі, «Құлагер» учаскесі | 3500 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | Сұр қоңыр | Жайылымы 3150,0 га<br>Басқа алқаптары 350,0 га | Жоқ |
| 31 | Қазалы ауданы, Майлыбас ауылдық округі, «Айымбұлақ пен Жұмаштың белгісі» учаскесі | 1000 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | Сұр қоңыр | Жайылымы 900,0 га<br>Басқа алқаптары 100,0 га | Жоқ |
| 32 | Қазалы ауданы, Майлыбас ауылдық округі, «Үшқара» учаскесі | 200 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | Сұр қоңыр | Жайылымы 180,0 га<br>Басқа алқаптары 20,0 га | Жоқ |
| 33 | Қазалы ауданы, Құмжиек ауылдық округі, «Итішпес» учаскесі | 500 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | Сұр қоңыр | Жайылымы 450,0 га<br>Басқа алқаптары 50,0 га | Жоқ |
| | **барлығы** | **15000** | | | | | |

## ТАРАТУ

2. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарасу ауданы білім бөлімінің Теректі бастауыш мектебі» КММ (БСН 981140001096) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай облысы, Қарасу ауданы, Октябрь ауылдық округі, Теректі ауылы, Целинная көшесі, 2 ғимарат.

3. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарасу ауданы білім бөлімінің Симферополь бастауыш мектебі» КММ (БСН 031140002186) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай облысы, Қарасу ауданы, Люблин ауылдық округі, Симферополь ауылы, Центральная көшесі, 5 құрылыс.

4. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарасу ауданы білім бөлімінің Панфилов бастауыш мектебі» КММ (БСН 981140000921) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай облысы, Қарасу ауданы, Ушаков ауылдық округі, Панфилов ауылы, Мира көшесі, 17 құрылыс.

6. «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Сырым ауданы білім беру бөлімінің «Жетікөл бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жабылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы, Жымпиты ауылы, Қазақстан көшесі, №4, тел. 871134313306.

7. «Серікқызы Асем» ЖШС (БСН 220940029997) (Қазақстан, Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Новостройка көшесі, 29, 18 үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Жібек жолы көшесі, 34 үй, 12 пәтер, тел. 87017707101, 87762060909.

9. «КМТ КРИСТАЛЛ-ПРОДУКТ» ЖШС (БСН 110340019658) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Бекмаханов көшесі, 88А үй, тел. 87272962690.

10. «Айгерим и К» ЖШС (БСН 200740023888) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 050000, Алматы қаласы, Алатау ауданы, Шаңырақ-2 ықшам ауданы, Жарқынбаев көшесі, 31 үй, тел. 87078915675.

12. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарасу ауданы білім бөлімінің Кошевская бастауыш мектебі» КММ (БСН 981140001006) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай облысы, Қарасу ауданы, Қарамырза ауылдық округі, Кошевое ауылы, Набережная көшесі, 20 ғимарат.

15. «Азимут 2000» ЖШС (БСН 140240027115) (Астана қаласы, Алматы ауданы, Ш.Иманбаева көшесі, 3 үй, 190 пәтер), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақмола облысы, Астана қаласы, Е. Серкебаев көшесі, 13 үй, 3 қабат, 311 кеңсе, тел. 87712531603.

21. «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қостанай облысының әділет департаменті Әулиекөл ауданаралық әділет басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі, БСН 050340003826,

«Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қостанай облысының әділет департаменті Жітіқара ауданаралық әділет басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі, БСН 050340003905,

«Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қостанай облысының әділет департаменті Меңдіқара ауданаралық әділет басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі, БСН 050340003896,

«Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қостанай облысының әділет департаменті Бейімбет Майлин ауданаралық әділет басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі, БСН 050340003707,

«Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қостанай облысының әділет департаменті Арқалық қаласының ауданаралық әділет басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі, БСН 050340004100, өздерінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзімде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 38 үй.

22. «UNIAGROTRADE» ЖШС (БСН 231240002627) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Көк-Төбе шағын ауданы, Сағадат Нұрмағамбетов көшесі, 354 үй, пошта индексі 050010, тел. +7(701) 533-99-42.

## МҰРАГЕРЛІК

16. 2024 жылдың 22 қаңтарында қайтыс болған Тұрсынбаев Аманбай Бәйденұлының артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел. 87022334499.

17. 2023 жылдың 5 мамырында қайтыс болған Қадыров Өтеубай Құлжанұлының артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел. 87022334499.

20. 16.10.1975 жылы туған, Любовь Ивановна Колоднова 5.05.2022 жылы қайтыс болғаннан кейін мүлкіне мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлер Астрахан ауданының әкімдігіне Ақмола облысы Астрахан ауданы Астрахан ауылы Әл-Фараби көшесі 50 мекенжайы бойынша хабарласа алады. Байланыс телефоны 8(71641)2-28-89, 8(705)151-91-39.

## ӘРТҮРЛІ

5. «Торғай Амангелді» ЖШС 2024 жылғы 7 қыркүйекте 10 сағат 00 минут қатысушыларға кезектен тыс жиналыс өтетінін хабарлайды. Мекенжайы: Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Молодогвардейское ауылдық округі, Молодогвардейское ауылы, Школьная көшесі, мектептің 2 акт залы. Жиналысты өткізу форматы: офлайн. Дауыс беру формасы: ашық дауыс беру.

Жиналыстың күн тәртібі:

1. Жобаны талқылау және серіктестік Жарғысын жаңа редакцияда қабылдау туралы.

Тіркеу 9 сағат 00 минуттан 9 сағат 55 минутқа дейін жүргізіледі.

Белгілі себептермен жиналысты өткізу мүмкін болмаған жағдайда, жиналыс 2024 жылы 14 қыркүйекте жоғарыда көрсетілген мекенжай бойынша өтеді.

**8. «Алматы қаласының қалалық мобилділік басқармасы» КММ ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды:**

1) Жобаның атауы: Жұмыс жобасына «ықтимал әсерлер туралы есеп» «Алматы қаласының Түрксіб ауданындағы «Жас Қанат» шағын ауданында жол салу».

2) Әсер ету аумағы мен қоғамдық тыңдаулар өткізілетін аумақ: Түрксіб ауданы, Алматы қаласы. Координаты: 1. 43°18'38.45"С, 76°58'53.23"В; 2. 43°19'3.47"С, 76°58'23.85"В; 3. 43°19'15.94"С, 76°58'38.14"В; 4. 43°19'31.08"С, 76°58'50.28"В.

3) Тыңдаулар: 2024 жылы 10 қыркүйекте сағат 11:00-де Алматы қаласы, Түрксіб ауданы мекенжайы бойынша Жас Қанат шағын ауданы, 198-мектепте өтеді. Шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайда тыңдаулар ZOOM бейнеконференциясы арқылы онлайн форматта өткізіледі: https://us04web.zoom.us/j/75713126515?pwd=947F4XEaoKXbbf4RAVkHEtbxImLaVd.1.

Идентификаторы: 757 1312 6515. Кіру коды: g99M4E.

4) Бастамашы – «Алматы қаласының қалалық мобилділік басқармасы» КММ, БСН 161040019460, Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Республика алаңы, 4, тел. +7 702 222 24 82, daniyar482@mail.ru.

5) Құжаттаманы әзірлеушілер: «ТОП Геодезия» ЖШС, БСН 060640006497, Алматы қаласы, Горная көшесі, 552 үй, тел. 8 700 717 17 14, e-mail: topgeodezy@mail.ru.

6) Жоба бойынша құжаттама бірыңғай экологиялық порталда және «Алматы қаласының экология және қоршаған орта басқармасы» сайтында орналастырылған https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco?lang=kk.

7) Көзделіп отырған қызмет, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұратуды мынадай байланыстар арқылы сұратуға болады: 8 700 717 17 14, e-mail: topgeodezy@mail.ru.

8) Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы, олар бойынша жұртшылық және мүдделі жұртшылық өз ескертулері мен ұсыныстарын қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасы бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда жібере алады – «Алматы қаласының Жасыл экономика басқармасы» ММ uprirp@mail.ru.

11. «Кредит Сервис Ломбард» ЖШС өтелмеген мүлікті сату бойынша аукциондар өткізеді.

Өтетін орны: Астана, А.Кравцов көшесі, 6.
Өткізілетін күні: 10.08.2024 – 20.08.2024 ж.ж.
Анықтамаға арналған телефон: +7 775 371 29 69.
Лиц. 01.21.0009Л.

13. «SAMGAU CONSTRUCTION COMPANY–2022» ЖШС (БСН 220740045003) өзіне «ПрофТехМед Строй KZ» ЖШС (БСН 230840017515) біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талаптар мына мекенжайда жарияланған күннен бастап екі ай ішінде қабылданады: Астана қаласы, Әйтеке би көшесі, 7 үй, 37 пәтер, пошта индексі 010000, тел. 87076020088.

14. «ПрофТехМед Строй KZ» ЖШС (БСН 230840017515) «SAMGAU CONSTRUCTION COMPANY-2022» ЖШС-ға (БСН 220740045003) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талаптар мына мекенжайда жарияланған күннен бастап екі ай ішінде қабылданады: Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Нұрмағамбетов көшесі, 142 үй, пошта индексі 140000, тел. 87076020088.

19. «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім беру бөлімінің әдістемелік кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 230540000718) «Ақмола облысы білім бөлімінің Ерейментау ауданы бойынша білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрамына қосылу арқылы өзінің қайта ұйымдастырылуы туралы хабарлайды. Ақмола облысы әкімдігінің 2023 жылғы 29 қарашадағы № А-12/ 550 қаулысы негізінде жүзеге асырылады. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Ерейментау қаласы, Әл-Фараби көшесі 10, байланыс телефондары 8(71633)21664 мекенжайы бойынша қабылданады.

23. «AlaFin» Микроқаржы ұйымы» ЖШС (БСН 240740022728) өзінің орналасқан жерінің келесі мекенжайға өзгергені туралы хабарлайды: Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Заветная көшесі, 31 ғимарат, пошта индексі 050011. Телефон: 87476307416.

24. «GuardLine» ЖШС (БСН 110740011439) және «Ruslan Company» ЖШС (БСН 121240014925) «GuardLine» ЖШС-і «Ruslan Company» ЖШС-не қосылу жолымен қайта құрылуы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 11 шағын аудан, 26 үй, 7 кеңсе. Тел. +7 775 945 55 55.

25. Заварзин Антон Сергеевич (БСН 840522301962) «Инсол Технологолоджи» ЖШС-нің № 7515-24-00-2/5001 іс бойынша ақшаны өндіріп алу туралы 08.08.2024 жылы 15:30-да жауапкер ретінде Алматы қаласы, Жетісу аудандық сотына шақырылады. Мекенжайы: Алматы қаласы, Сейфуллин даңғылы, 286-үй.

Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикасының Судьялар одағының Қарағанды облыстық филиалы Қарағанды облыстық сотының отставкадағы судьясы Қалипа Сансызбайқызы Жылыбаеваға

**жұбайы Нұртас Исатайұлының**

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

● ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

# БІРЛІК ТҮБІ – БЕРЕКЕ

**Биыл да жылдағыдай тасқынның көп өңірді жайпап кеткені белгілі. Еріген қар мен өзендердің арнасынан асқан судың кейбір облыстағы бірнеше елді мекенді басып қалып, көптеген тұрғын үйді жарамсыз еткені кеше ғана емес пе? Ал сол үйдің ішінде дүние-мүлік пен қорадағы төрт түліктен де шығынға батқандар аз емес. Әйтеуір, ел мен көптеген күйлі қаржылық компаниялардың қолдауы тасқыннан кейінгі тіршілікті түзеуге көмегін тигізуде. Мұндай аласапыран Ақмола облысында да өтті, қазір онда да кеткен кем-кетіктің орнын толтыруда көп жұмыс жүргізіліп жатыр.**



Әсіресе, Ақмоланың Атбасар, Сандықтау, Целиноград аудандарындағы көп ауылға жыл сайын тасқын қауіп төндіріп келді. Өзгелері де мұндай қорқыныштан ада емес еді. Жалпы аймақтағы тоғандардың тозығы жеткені айтпаса да түсінікті шығар. Бұл – көктемгі еріген қар суының екпініне шыдамай, көптеген елді мекенге қауіп төндіреді деген сөз. Мысалы, Аршалы ауданындағы «Батпакөл», Астрахань ауданындағы «Қызылжұлдыз», Бурабай ауданындағы «Веденовка», «Кенесары», «Щучинск саяжайлары», «Фроловское», Бұланды ауданындағы «Иванков», Есіл ауданындағы «Соленая балка», «Чапаевская-2», Сандықтау ауданындағы «Максимовское», Шортанды ауданындағы «Дамса» және «Негізгі» тоғандары ондаған жыл бойы еш жөндеу көрмеген еді. Оған қоса Ақмола өңіріндегі тоқсанға жуық гидротехникалық тоған болғанымен, бірқатары су жинақтауға тым әлсіз.

Мамандардың сөзіне қарағанда, кешегі тасқын кезінде өңірді басып өтетін 25 өзен 11 мыңнан аса тұрғыны бар 95 елді мекенге қауіп төндірген. Оның ішінде көктем сайын арнасынан асып-тасып жататын Жабай, Нұра және Есіл өзендерінің бойындағы қауіп зор. Үш жыл бұрын Жабай мен Нұра өзендерінің аңғарларын кеңейту, таяз жерлерін тереңдету жұмысы жоспарланған екен. Бірақ оң сараптама қорытындысы бар жобаны жүзеге асыру кешеуілдеп тұр. Қала мен Борисовка селосының маңындағы Жабай өзенінің сағасын тереңдетуге байланысты жоба жасалғанымен, мемлекеттік сараптамадан өтпеген. Екіншіден, Көкшетау, Степногорск қалалары мен Қорғалжын ауданында халықты апат жайлы хабарландыру жүйесі сын көтермейтін. Жалпы аймақты қамту үшін әлі де 278 дабыл құрылғысы қажет. Әсіресе, Бурабай, Зеренді, Атбасар және Целиноград аудандарына қажеттілік басым.

Су тасқынына қатысты кейінгі жылдарды еске алсақ. 2014 жылы Атбасарда 395 тұрғын үй су астында қалып, оның 209-ы жарамсыз болып қалды. Жаз шыға төрт 45 пәтерлік көпқабатты тұрғын үй пайдалануға берілді. Медициналық колледждің бұрынғы жатақханасы 29 отбасына лайықталып қайта жабдықталды. 2017 жылы апат тағы қайталанды, 636 үй қызыл судың астында қалды. Оның 459-ы жарамсыз болып шықты. Мәселені шешу үшін 45 пәтерлік тұрғын үй салынды. Осы жұмысқа 1 млрд 187 млн теңге қаражат бөлінді. Биыл да Атбасардың жағдайы белгілі. «Асар Ақмола» қоғамдық қоры 428 млн теңге қаражат бөліп, көктемгі тасқыннан жапа шеккендерге берілетін бес 100 пәтерлік тұрғын үй құрылысын қолға алған. Жобаның құны – 1 млрд 326 млн теңге.

Жарқайың ауданында да көктемгі су тасқыны көп дүниені бүлдірді. Алапат апат салдарынан ауданның елді мекендеріндегі 62 үй жарамсыз болып қалды. 9 елді мекен су тасқынының зардабын көріп отыр. Бұлар – Үшқарасу, Отрадный, Құмсуат, Далабай, Нахимовка, Тассуат, Львовское, Гастелло, Пригородный елді мекендері. Аудандық әкімдікке 186 тұрғын өтініш жасаған. Олардың 185-іне 68 млн 302 мың теңге материалдық көмек көрсетілген. Өтініш берушілердің біреуі көмектен бас тартқан. Бұл ауданда да ауыл тұрғындарына 109 үй салып беруді «Асар Ақмола» қоғамдық қоры қолға алып отыр. Тасқын зардабын шеккен 130 отбасының шығынын өтеу үшін Үкімет қорынан қаражат бөлінген. 185 тұрғынға 100 АЕК көлемінде бірмезгілдік жәрдемақы төленіпті.

Бүгінде Жарқайыңда 30 отбасы тұрғын үймен қамтылған. 201,9 млн теңге материалдық шығын өтелді. «Асар Үме» қоғамдық қоры 27 отбасына баспана сатып алу үшін 176 млн теңге қаражат бөлді. «Бірлік Жарқайың» қоғамдық қоры 650 мың теңге қаржы бөліп, тағы бір отбасына үй сатып әперді.

Алдағы уақытта Жарқайыңның Пригородный ауылында тұтас шағын аудан бой көтермек. Қазір мұнда екі пәтерлік 15 үй салынып жатыр. Шағын ауданда 30 пәтер бой көтермек. Бұл баспаналары жарамсыз болып қалған отбасыларға беріледі. Осылайша тасқын судан зиян көргендердің мәселесі шешіледі. Қазір тұрғын үйлердің қабырғасы қаланып, шатыры жабылып жатыр. Құрылыс алаңының жетекшісі Дүйсенбек Мақышевтің айтуына қарағанда, алдын ала жасалған кесте бойынша жұмыс жүргізілмек. Құрылыс белгіленген уақытта бітеді деген сенім бар.

«Бірлік бар жерде тірлік бар». Бұл – қазақтың байырғыдан келе жатқан нақылы. Ел ішінде ауыртпалыққа душар болған ағайынның мұңын жалпақ жұрт болып жұмыла көтеріп, жеңілдетуге ұмтылған халқымыздың сын сағатта осылай тізе қосуы – елдіктің белгісі емес пе?

**Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ**

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
**Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

**Меншік иесі:**
**«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»**
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**
**Астана** Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
**Алматы облысы** Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
**Ақтөбе облысы** Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
**Атырау облысы** Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
**Маңғыстау облысы** Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
**Қызылорда облысы** Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
**Түркістан облысы** Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
**Батыс Қазақстан облысы** Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

**E-mail: zanreklamaastana@mail.ru**

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
**Жеке таралым 5142 дана**
**Апталық таралым 10 284 дана**

Тапсырыс №105 Индекс 65921

**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31